

**Тарбағатай ауданы бойынша білім  
беру бөлімінің басшысы  
С.Н.Дауытбаеваға**

**Түсіндірме хат**

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Тарбағатай ауданы бойынша білім бөлімінің «Ақмектеп орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 1 қыркүйек 2021-2022 оқу жылында 12 сынып 97 оқушы бар.

Даярлық сыныпта- 7 оқушы

1-4 сыныптарда- 32 оқушы

5-9 сыныптарда – 44 оқушы

10-11 сыныптарда – 14 оқушы оқиды. Даярлық сыныбымен қосқанда 12 сынып комплектісі болды.

2021-2022 оқу жылында базистік оқу жоспары келесі құжаттар мен материалдар негізінде жасалды;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;
- ҚР БҒМ 2012 жылғы 12 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (2018 жылғы 10 қазандағы №556 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);
- ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары («Өзін-өзі тану» пәні бойынша 2016 жылғы 8 сәуірдегі №266 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2018 жылғы 10 мамырдағы №199 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы №564 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта және жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары;

- «ҚР Білім және ғылым министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы » ҚР Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 26 шілдедегі №334 бұйрығы негізінде жүзеге асырылады;

Бастауыш сатыда базистік оқу жоспарының инвариантты және вариативті бөлігінің мектеп компоненті даярлық ,1-4 сыныптарда төмендегідей бөлінді: Даярлық сыныбы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығына 1-қосымша, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына 1-қосымша үлгілік оқу жоспарына сәйкес әзірленген. Апталық оқу жүктемесінің көлемі – 17 сағат, вариативтік компоненттен - 3сағат.

«Сиқырлы сандар», «Әдептілік әліппесі», «Ұлттық дүниетаным » пәндері.

1-4 сыныптар оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаңартылған білім беру мазмұнының оқу бағдарламалары және жоспарларымен оқиды.1-4 сыныптардың оқу жұмыс жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығына 1-қосымша, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 1-қосымша үлгілік оқу жоспарына сәйкес әзірленген. Білім берудің бастауыш сатысында оқу жоспарының вариативті бөлігі мектеп компонентінен оқушылардың ойлау қабілетін арттыру мақсатында бөлініп отыр. Логика- адам ойының логикалық формалары жағынан және кіріспе білім алу үдерісі кезінде,ақиқатқа жетуін оның заңдары мен пәнін қалыптастырушы қажетті шарттарды реттейтін ғылым.

2-сынып аптасына 1 сағат «Логика әлемі»

3-сынып аптасына 1 сағат «Логика әлемі»

4-сынып аптасына 1 сағат «Логика әлемі» берілді.

5-9 сыныптар оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаңартылған білім беру мазмұнының оқу бағдарламалары және жоспарларымен оқиды.

5-9 сыныптардың оқу жұмыс жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығына 6-қосымша, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 6-қосымша негізінде әзірленген.

Осы оқу жылында мектептердің дайындығына байланысты вариативтік компонент сағаттарының есебінен «Жаһандық құзыреттіліктер» курсы бөлініп отыр.Аталған курс білім алушылардың 21 ғасыр дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі.

«Жаһандық құзыреттіліктер» (аптасына 1 сағат)

5-сыныпта «Парасаттылық және әдеп»

6-сыныпта «Экология»

7-сыныпта «Эмоционалды интеллект және сыни ойлау»

8-сыныпта « Медиасауаттылық »

9-сыныпта «Зайырлылық және дінтану негіздері» берілді.

Элективті курстар бойынша 5,6,7,9 сыныптарға аптасына 1 сағат «Жас программист» оқушылардың ақпараттық коммуникативтік технологияны жетік білу, компьютермен сауатты жұмыс жасай білуге үйрету мақсатында берілді. 8-сыныпқа «Жертану» элективті курсы беріліп отыр. Курстың мақсаты Жалпы жертану - әр түрлі профильдегі географ – мамандарды дайындауда ең негізгі оқу пәндерінің бірі болып табылады. Бұл курстың мақсаты- жалпы планеталық табиғи кешен болып табылатын географиялық қабық туралы түсінікті ұғына отырып, аталған қабықтың құрылысымен және оның уақыт пен кеңістікте даму заңдылықтарымен кеңінен таныстыру. 10-11 сыныптар оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаңартылған білім беру мазмұнының оқу бағдарламалары және жоспарларымен жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша оқиды.

10-11 сыныптардың оқу жұмыс жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығына 31-қосымша, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 100-қосымша негізінде әзірленген.

«Жаһандық құзыреттіліктер» (аптасына 1 сағат) курсынан 10-11 сыныптарға аптасына 1 сағат «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» бойынша берілді.

Элективті курстар бойынша:

10-11 сыныптарға «Абайтану» аптасына 1 сағат

10- сынып «Junior training» аптасына 1 сағат

10-сынып «Графика және жобалау » аптасына 2 сағат

11-сынып «Метапәндік тәсілдеме және ағылшын тілін тереңдеп оқыту» аптасына 1 сағат таңдау сағаттары оқушылардың таңдап отырған пәндеріне байланысты беріліп отыр.

Барлық сыныптардағы таңдау сабақтарына оқушының жас ерекшеліктері ескеріліп, тақырыптық күнтізбелік жоспары жасалды.

Оқу жүктемесі Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика Министрлігінің 2014 жылғы 24 желтоқсандағы №179 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына сай.

Мектеп директоры



Б.Амиргазин